

**«Ақтөбе облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы» ММ-нің
2018 жылға арналған бюджеттік өтініміне
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

2018 жылға арналған бюджеттік өтінім Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы және 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 12 бөлімінің, 64 -67 баптарына сәйкес, сомасы - **55897,0 мың теңгені** құрайды.

270001015 «жергілікті деңгейде еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша барлық қаражат - **55897,0 мың теңгені** құрайды.

111 «Еңбек ақы» ерекшелігі бойынша **28710,0** мың теңге құрайды, (штаттық саны **19** адам).

Есеп Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 7 наурыздағы №23 «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімі туралы» Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Жарлығына сәйкес әзірленген.

113 «Өтемақы төлемдері» ерекшелігі бойынша №1284 жарлығы және №1400 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылған өтемақы төлемдері, біржолғы жәрдемақы бойынша есептер шығыны 2018 жылы **4785,0 мың теңгені** құрайды.

121 «Әлеуметтік салық» ерекшелігі бойынша 2018 жылға **әлеуметтік салық -1550,0** мың теңге құрайды. ҚР 2001 жылғы 12 маусымдағы №209 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» кодексіне сәйкес (салық кодексі).

122 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар» ерекшелігі бойынша **2018 жылға шығындар есебі 1292,0 мың теңгені** құрайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 «Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес жасалынған.

123 «Міндетті сақтандыру жарналары» ерекшелігі бойынша 2018 жылға шығындар есебі 31,0 мың теңгені құрайды. Есеп Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі №446 «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заңына сәйкес жасалынды.

124 «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды төлеуге арналған шығыстар» ерекшелігі бойынша 2018 жылға шығындар есебі 431,0 мың теңгені құрайды.

131 «Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 2018 жылға шығын 2679,0 мың теңгені құрайды. (штаттық саны 6 адам).

Есеп Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Жарлығына сәйкес әзірленген.

135 «Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары» ерекшелігі бойынша 2018 жылға - әлеуметтік салық сомасы – 145,0 мың тг., әлеуметтік аударымдар – 121,0 мың тг және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (1,5%) – 36,0 мың тг. Есеп Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне (Салық кодексі) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 «Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес жасалынған.

136 «Техникалық қызметкерлердің ел ішіндегі іс-сапарлары және қызмет бабында жүріп-тұруы» ерекшелігі бойынша 2018 жылға шығындар сомасы – 561,0 мың теңге, (НИВА 2121 және КИА Соренто автокөлік жүргізушілерінің іс-сапар шығындары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қаулысына сәйкес.

144 «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 2018 жылға шығындар сомасы – 981,0 мың теңге, соның ішінде 2018 жылға пропан (табиғи газ) және АИ-92 бензин сатып алу шығындары.

144 ерекшелік бойынша есеп жасау үшін негіз болып Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы N 1210 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы» Қаулысы табылады.

149 «Өзге де қорларды сатып алу» ерекшелік бойынша 2018 жылға шығындар сомасы – 2482,0 мың теңге, соның ішінде 2018 жылға қажетті кеңсе тауарларын (А4 қағаз 650 *1200тг=780,0 мың тг, факске арналған қағаз 300*300тг=90,0 мың тг, конверттер (А5) 3000 бірлік*30тг=90,0 мың тг,

регистраторлар 350 бірлік*450 тг=157,5 мың тг, ручка 300 бірлік*70тг=21,0 мың тг, принтерлерге және МФУ-ге арналған картридждер және т.б.) сатып алу, басқалары басқарманың өндірістік және кезенді баспа басылымдары үшін (газеттер, журналдар) 2019 жылға.

151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелік бойынша 2018 жылға барлық шығындар – **818,0 мың теңгені** құрады, сонын ішінде салқын су үшін төлем - 176,0 мың тг., электр қуаты үшін төлем – 382,0 мың тг., жылыту үшін төлемі – 260,0 мың тг. құрайды.

151 ерекшелік бойынша есеп жасау үшін негіз болып Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қараша N 1118 «Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы» Қаулысы табылады.

152 ерекшелік бойынша – «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу» 2018 жылға шығындар – **1337,0 мың теңге.**, 9 абоненттік нөмірлерге шығын – 125,0 мың.тг. құрайды. Интернет желісінен күнделікті қажетті және уақытылы ақпарат алу қажеттілігіне байланысты, сонымен қоса тоқсандық салықтық есеп жіберу (СОНО), «Казначейство-Клиент» АЖ, «Минфин» АЖ, «Е-Қызмет» АЖ – интернет желісіне рұқсат қызметіне және АЖ «Бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесі» (БЭҚАЖ), әкімшілік айыппұлдар ЕУСС және БД Закон қызметтерін жақсарту үшін шығындар – 468,0 мың.тг. құрайды.

Пошта-телеграфтық шығындар айына – 44,0 мың.тг. құрайды. Жыл бойына жалпы шығындар – 528,0 мың.тг. құрайды.

Халықаралық телефон арқылы сөйлесу (4 тел) айына орташа – 18,0 мың.тг. құрайды. Жыл бойына жалпы шығындар – 216,0 мың.тг.

Есеп жасау үшін негіз болып Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 «Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған алаңдар нормалары мен телефон байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қаулысы, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі N 567 «Байланыс туралы» Заңы табылады.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелік бойынша жалпы шығындар – 4055,0 мың теңге құрайды.

«Өзге де қызметтер мен жұмыстар» шығындар 4055,0 мың.тг. мөлшерінде көрсетілген, шығындарды есептеу үшін арналған қызметтер мен жұмыстар төлемі бойынша - 111,0 мың.тг. – 0,3% банктік қызметтер; «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру» мемлекеттік қызметшілердің квалификациялық дәрежелерін арттыру мақсатындағы шығындардың жалпы соммасы – 175,0 мың.тг., семинарлар жоспары жобасына сәйкес курстар, тренингтар және т.б. – 511,0 мың.тг., жылу жүйесіне қызмет көрсету- 53,0 мың.тг, типографиялық қызметтер (еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша брошюрлар дайындау) – 206,0 мың.тг., картридждерді толтыру – 201,0 мың.тг., кеңсе техникасын жөндеу – 200,0 мың.тг., К2 бағдарламасына техникалық қызмет көрсету – 384,0 мың.тг.,

К2 бағдарламасын қолдау – 147,0 мың.тг., кондиционерлерді жөндеу және қызмет көрсету – 155,0 мың.тг., газеттерге жариялау үшін ақпараттық хабарлама - 450,0 мың.тг., ҚТҚ шығару – 56,0 мың.тг., автокөліктерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету – 664,0 мың.тг., КАЗ ПАРУС бағдарламасын жаңғырту – 676,0 мың.тг.

161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелік бойынша шығындар 5829,0 мың теңгені құрайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қаулысына сәйкес.

169 «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшелік бойынша жалпы шығындар – 54,0 мың теңге құрайды. (ҚР 2001 жылғы 12 маусымдағы №209 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» кодексiне сәйкес (салық кодексi) қоршаған ортаға эмиссия).

Басқарма басшысы

М.Т.Раймкулов

✉: Қ.С.Бишенов
☎: (8-7132) 567758